

FTAMP 17.09.91

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-03>

Д. Мәсімханұлы¹, А. Әбиденқызы²

^{1,2} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹masimkhan-63@mail.ru, ²ainurbai-67@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2986-1499, ²0000-0003-0109-4347

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКОЛОГИЯ: ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ МЕН ФОЛЬКЛОРЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Дүниежүзі түркология ғылымының іргелі ошағының Аспан асты елі екені белгілі. Сонымен қатар, Қытай елі – көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеуде де қыруар жұмыс жасап, толайым табысқа жетіп отырған мемлекет. Ежелгі қытай жазбаларындағы көне түркілерге қатысты деректерді айтпағанның өзінде, тұтас XX ғасыр бойында, әсіресе ҚХР құрылғаннан бергі 70 жылдан астам уақыттан бергі қытай түркологтарының түркология саласында атқарған жұмыстары мен қол жеткізген жетістіктері, ашқан, ғылыми айналымға салған жаңалықтары ұшан-теңіз. Ол туралы арнайы сараптама жасау керек болса, оның өзі тұтастай монографияға жүк болуы мүмкін. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ретінде біз бұл мақаламызда Қытайдағы түркология саласының түркі әдебиеті мен фольклоры саласында орындалған іргелі еңбектер мен атқарылған елеулі іс-шараларға шолу жасай отырып, Қытай еліндегі түркология ғылымының тарихы мен даму беталысын қарастыруды мақсат еттік. Атап айтқанда, бұл еңбекте Қытай елінде XX ғасыр мен ХХІ ғасыр басында өмір сүрген қытай, қазақ, ұйғыр, дүңген ғалымдарының түркі халықтарының тіл-әдебиеті мен фольклоры саласындағы жарық көрген ғылыми зерттеулері қарастырылады. Қазіргі таңда біздің түркология ғылымында Күлтегін, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінің мәтіндерінен бөлек, орта ғасырлардағы көптеген көне ұйғыр, шағатай тілдеріндегі жазба ескерткіштердің мәтіндері әлі күнге дейін бейтаныс. Аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатымен қытайлықтардың аталған саладағы басты жетістіктері мен жетекші ғалымдарының негізгі еңбектерін сараптап, саралап көрмекпіз. Осы мақсатпен Аспан асты еліндегі көне түркі жазба жәдігерлеріне қатысты зерттеу жұмыстарының жалпы барысы, басты жетістіктері негізгі тақырып өзегі ретінде алынды.

Кілт сөздер: Қытай, түркология, түркі халықтары, әдебиет, фольклор.

D. Massimkhanuly^{1,*}, A. Abidenkyzy²

^{1,2} R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹masimkhan-63@mail.ru, ²ainurbai-67@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2986-1499, ²0000-0003-0109-4347

Turkology in China: studies of Turkic literature and folklore

Abstract. It is known that the fundamental center of the world Turkological science is the Celestial Empire. In addition, China is not only the birthplace of the richest and most valuable data concerning ancient Turkic history and culture, but also a state that successfully works in the study of ancient Turkic written artifacts. Not to mention the data related to ancient Turkic in ancient Chinese inscriptions, the work done and achievements of Chinese Turkologists in the field of Turkology throughout the XX century, especially for more than 70 years since the founding of the PRC, and the discoveries made in scientific circulation. If a special examination needs to be done about him, then he himself can become the cargo for the monograph in one piece. As the goals and objectives of the research, in this article we decided to consider the trends in the development and history of Turkological science in China, making an overview of fundamental works and significant events carried out in

the field of Turkic literature and folklore of Turkology in China. In particular, this work examines the scientific research of Chinese, Kazakh, Uighur, Dungan scientists who lived in China in the period from the beginning of the XX to the beginning of the XXI century in the field of linguistic literature and folklore of the Turkic peoples. At present, in our domestic Turkological science, in addition to the texts of the monuments of Kultegin, Bilge Kagan and Tonykok, the texts of many ancient Uighur, Chagatai monuments of the Middle Ages are still unknown. In order to fill this gap, we will analyze the main achievements of the Chinese in this field and the main works of leading scientists. For this purpose, the general course and main achievements of research works concerning ancient Turkic written artifacts of the Celestial Empire were taken as the main topic.

Keywords: China, Turkology, Turkic peoples, literature, folklore.

Д. Масимханулы ^{1,*}, **А. Абиденкызы** ²

^{1,2} *Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан*

E-mail: ¹masimkhan-63@mail.ru, ²ainurbai-67@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-2986-1499, ²0000-0003-0109-4347

Тюркология в Китае: исследования тюркской литературы и фольклора

Аннотация. Известно, что фундаментальным очагом мировой тюркологической науки является Поднебесная. Кроме того, Китай является не только родиной богатейших и ценных данных, касающихся древнетюркской истории и культуры, но и государством, успешно работающим в изучении древнетюркских письменных артефактов. Не говоря уже о данных, относящихся к древнетюркским в древнекитайских писаниях, о проделанной работе и достижениях китайских тюркологов в области тюркологии на протяжении всего XX века, особенно за более чем 70 лет с момента основания КНР, и открытиях, внесенных в научный оборот. Если о нем нужно сделать специальную экспертизу, то он сам может стать грузом для монографии в целом. В качестве целей и задач исследования мы в данной статье решили рассмотреть тенденции развития и истории тюркологической науки в Китае, сделав обзор фундаментальных работ и значимых событий, выполненных в области тюркской литературы и фольклора тюркологии в Китае. В частности, в этом труде рассматриваются научные исследования китайских, казахских, уйгурских, дунганских ученых, живших в Китае в период с XX по начало XXI века в области языковой литературы и фольклора тюркских народов. В настоящее время в нашей отечественной тюркологической науке, помимо текстов памятников Культегин, Бильге Каган и Тонькок, до сих пор незнакомы тексты многих древних уйгурских, чагатайских памятников средневековья. С целью восполнения данного пробела мы проанализируем основные достижения китайцев в данной области и основные труды ведущих ученых. С этой целью в качестве основной темы был взят общий ход и основные достижения исследовательских работ, касающихся древнетюркских письменных артефактов Поднебесной.

Ключевые слова: Китай, тюркология, тюркские народы, литература, фольклор.

1. Кіріспе

Қытай түркологиясы – әлемдік түркология ғылымының арналы саласы. Қазіргі Шығыс Түркістанды ежелден түркі тайпалары мекендегені тарихтан мәлім. Бүгінде сол түркілердің тікелей ұрпағы саналатын қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, татар т.б. 12-13 миллиондай халық сол жерде тұрады. Ежелгі ғұн, үйсін, қаңлы, түркі т.б. ру-тайпалары құрған көшпелілер мемлекеті мен Қытай мемлекеті арасындағы байланыстар, түркі қағандығы мен Сүй, Таң патшалықтарының қарым-қатынасы және одан кейінгі оқиғалар қытай тарихы мен түркілер тарихының тығыз байланыста екенін көрсетті. Сол себепті де өткен ғасырдың басынан бастап қытай ғалымдары түркологияға да ден қоя бастады. Қытайдағы түркітану, ең алдымен, түркі текті

ру-тайпалардың тарихын анықтау және көне түркі ескерткіштерін зерттеуден басталғанымен, кейіннен 1970-1980 жылдар ішінде дамып, зерттеу ауқымы кеңейді. Жалпы түркітануға байланысты салалар, атап айтқанда түркі халықтарының ежелгі тілі мен жазуы, көне ескерткіштері мен жазба жәдігерлері, түркі халықтарының қазіргі тілі мен жазуы, ежелгі және қазіргі әдебиеті, фольклоры, тарих мен мәдениеті т.б. салалар жеке-жеке зерттеле бастады.

Аспан асты еліндегі түркология саласы бойынша зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі – бұл ежелгі түркі халықтарына тән ескерткіштердің мәтіндерін, көне ұйғыр жазуы мен шағатай тіліндегі жазбаларды қарастыра отырып, ежелгі түркіліктердің сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайын, әкімшілік жүйесін, мәдениеті мен өнерін, діні мен дүниетанымын зерделеу болып табылады. Бұл ретте қытай ғалымдары ежелгі дәуірдегі Күлтегін, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінің жазуы мен тілінің ерекшелігінен бастап, Шыңжаң өңірінен, Орта Азия аймағынан, және басқа да алыс шетелдерден табылған, уақыт тұрғысынан орта ғасырларға тән түркі жазба жәдігерлерін, әсіресе Тұрфан өңірінен, Дунхуандағы Мыңүйден табылған көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеуде елеулі жетістіктерге жеткені белгілі. Бұл мақалада осы көне түркі жазба жәдігерлеріне қатысты зерттеулерді қарастыратын боламыз, сонымен қатар көне түркі жәдігерлерін зерттеу саласында талмай еңбек етіп, жалпы түркология ғылымына лайықты олжа салған, әлемдік түркология ғылымда есім-сойлары белгілі ғалымдардың басты еңбектеріне ғылыми талдау жасалды.

2. Материалдар мен әдістері

Біз жоғарыда Қытай ғалымдарының түркі халықтарының ежелгі тілі мен жазуы, көне ескерткіштері мен жазба жәдігерлері, түркі тілдес халықтардың қазіргі тілі мен жазуы туралы зерттеулеріне шолу жасадық. Ендігі сөз Аспан асты елі түркологтарының түркі тілдес халықтардың ежелгі және қазіргі әдебиеті, фольклоры туралы зерттеулері төңірегінде болмақ.

2.1 Зерттеу әдістері

Мақала материалдары ретінде қытай авторлары мен зерттеушілерінің шығармалары мен талдаған жұмыстары негізге алынды және мақаланы жазу барысында зерттеу әдістері ретінде көрсетілген авторлардың еңбектерін қазақ тіліне аудару, оларға ғылыми және әдеби талдау жүргізілді, сонымен қатар түпнұсқаларға негізделген жүйелеу, салыстырмалы-салғастырмалы саралау тәсілдері қолданылды. Жасалған тұжырымдамалар мен қорытындылар нақты дәйектермен негізделіп, мысалдармен көрсетілген.

2.2 Материалдарға сипаттама

Жалпы Қытайдағы түркі тілдес халықтардың әдебиеті мен фольклоры туралы зерттеулер негізінен мынай бағыттарда өрістеп келе жатқанын айтуымыз керек, яғни, ондағы зерттеушілердің біразы ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндерін, көне ұйғыр жазуы мен шағатай тіліндегі жазбаларды әдеби көркем туынды ретінде зерделей отырып, оны түркі халықтары әдебиетінің алғашқы үлгілері ретінде қарастырып келеді. Енді бір топ ғалымдар түркі тілдес халықтардың фольклорын зерттеумен шұғылданып жүр. Тағы бір топ Қытайда өмір сүріп жатқан қазіргі түркі тілдес

халықтардың әдебиет тарихын, әдеби үдерістерін зерттеумен шұғылданып келеді. Біз де енді аталған салалар бойынша Қытайдағы түрколог-ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына шолу жасап көрейік.

3. Талқылау

Ежелгі түркі ескерткіштеріндегі мәтіндерді көркем туынды ретінде қарастырып, оларды әдеби тұрғыда зерттеудің тарихы Қытай елінде онша ұзақ емес. Жоғарыда есімдері аталған Цэн Чжунмянь, Гэн Шимин, Лин Гань қатарлы ғалымдар өздерінің жоғарыда сөз болған зерттеулерінде ретіне қарай ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі көркемдегіш тәсілдерді атап кеткені болмаса, оларды жаппай көркем туынды ретінде әдеби тұрғыдан жүйелі түрде қарастырған емес. Мәселен, профессор Цэн Чжунмянь өзінің «Түркі тарихы жинағы» атты еңбегінде «Тоныкөк ескерткішін» сол замандағы бірегей әдеби шығарма ретінде сыйпаттаса (Cen Zhongmian, 2004: 865), профессор Гэн Шимин «Көне ұйғыр поэзиясының таңдамалы үлгілері» атты еңбегінің «Кіріспесінде» ұйғыр халқының ежелгі әдебиетінің бастау көздерін ежелгі ұйғыр хандығы кезеңінен (605-840жж.) қарастыру керек екендігіне меңзейді. Ғалымның пікірінше, ол замандағы тілдің ежелгі түркі-ұйғыр тілі екендігін ескерсек, сол кездегі «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» секілді негізгі ескерткіштер, еш қандай талассыз VII-VIII ғасырлардағы ежелгі түркі-ұйғыр халықтарының әдеби шығармасы болып табылады (Geng Shimin, 1984: 6). Профессор Гэн өзінің тағы зерттеу еңбегінде: «Ең ежелгі түркі тіліндегі жазба жәдігерлер түркі қағанаты кезінде (VI-VIII ғғ.) өмірге келді. «Күлтегін», мен «Білге қаған» ескерткіштерін белгілі бір деңгейде батырлық эпостар деп айтуға болады» (Geng Shimin, 1983: 9), - деп атап көрсетті. Бұл пікірін ғалым «Ежелгі түркі ескерткіштері туралы зерттеу», «Шынжаңның тарихы мен мәдениетіне кіріспе» атты зерттеулерінде одан сайын нақтылай түскен болатын.

Ежелгі түркі ескерткіштері мәтіндерін ежелгі түркілердің әдеби шығармасы ретінде қарастыру мәселесіне профессор Лин Гань да «Түркілер тарихы» және «Түркілер мен көне ұйғырлар тарихы» еңбектерінде айрықша назар аударған болатын. Профессор Лин аталған зерттеулерінде «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштерін мәдениеттану, этнография ғылымдарының тұрғысынан жан-жақты талдай келіп, «барлық мәтіндер тұтастай эссе үлгісінде жазылған, көптеген тұстарындағы сөз-сөйлемдер жүйелі әрі көркем, әдеби түсі өте қою. Демек, бұларды әрі түркілердің тарихы, әрі эпостық жырлар деуге болдаы» (Lin Gan, 2007: 133), - деген тұжырымын ұсынады.

Осы секілді Қытайдағы ежелгі түркі ескерткіштері мен түркі халықтар тарихын зерттеп ғалымдар да кейде өз еңбектерінің ішінде белгілі бір қажеттіліктермен ежелгі түркі әдебиетіне, оның ішінде әсіресе ежелгі түркі ескерткіштері мәтіндерінің әдеби сыйпатына тоқталып жатады. Солардың бірі ежелгі түркі тарихын ішкерілей жарттеп жүрген ғалым, профессор Суэ Цзунчжэн (1935-). Ғалымның әйгілі «Түркі тарихы» атты көлемді монографиясының бір тарауы «Түркі мәдениеті» деп аталады. Сол тараудың ішіндегі бір бөлімді автор «Көркем әдебиет» деп атапты. Онда профессор Суэ ежелгі түркі әдебиет тарихының даму беталысына баса аударып отырып, ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндері, ол жазылған кездегі ғана емес, тіпті руникалық

жазу пайда болудан бұрын-ақ ежелгі түркілерде өскен әдебиет болғандығының белгісі деген пікір ұсынады (Хуе Зонгзхенг, 1992: 760).

Шығыс дәстүрінде ежелгі дәуірден бастап Шығыс жерлерін мекендеген түркі халықтарының ортақ сюжеті мен мәдени мұрасының, фольклорлық әдебиетінің көптеген үлгілері бар (Minnegalieva, 2020: 2516). Түркі тайпаларының бөлінуі, содан кейін олардың бірігуі, ұлы мемлекет құру жолында ежелгі ескерткіштер мен әдеби құндылықтар басшылар мен батырлардың, жалпы халықтың шабытына ерекше әсер еткенін атап өту қажет. Фольклордың кез-келген туындысы мен әдеби ескерткіші халықтың патриоттық рухын, оның адами қасиеттерін бейнелейді. Осындай асыл қасиеттерге ие түркі халқының туындылары қытай зерттеушілерінің де назарынан тыс қалмады.

Түркі қағанатының шығыста Хинган (Қыдырхан) тауларынан батыста Темір қапыққа дейін қоластына алып, іргелі елге айналғаны, кейін келе ішкі-сыртқы күштердің әсерінен билікте берекесіздік орын алып, түркі жұртының 50 жыл бойы Таң империясының отарына түскені, ақыр соңында халықтың қайтадан оянып күш біріктіріп Таң үстемдігін аударып тастауға бел буғаны сынды тарихи оқиғалардың бәрі дерлік Қытайдың «Цзю Таншу», «Син Таншу» секілді деректерімен толықтай сәйкес келеді. Сонымен бірге, онда қытай деректерінде айтылмаған түркі мемлекеттілігі, елдік сана-сезімі туралы тың мәліметтер кездеседі (Қайыркен, 2019: 118).

Бұдан тыс, Қытайда ұйғыр әдебиет тарихын жан-жақты зерттеп, Аспан асты елінде тұңғыш рет қытай тілінде «Ұйғыр әдебиетінің тарихы» атты оқулық жазған әйгілі түрколог-ғалым, профессор Ли Госян (李国香, 1921-1990) да аталған еңбегінің III тарауын «Орхон кезеңіндегі ежелгі түркі-ұйғыр ескерткіш әдебиеті» деп атай отырып, ежелгі түркі ескерткіштерінің әдеби сыр-сыйпатына кеңінен тоқталады (Li Guoxiang, 1992: 150).

Міне осы жоғарыдағы аталған еңбектерден кейін, сондай-ақ Орта Азиядағы түркі республикаларынан барған әдеби зерттеулердің әсерімен жалпы Қытайда өмір сүріп жатқан түркі халықтардан шыққан әдебиетші-ғалымдардың бәрі де ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндері мен көне ұйғыр жазуында сақталған жәдігерлерді жаппай ежелгі әдебиет нұсқасы ретінде қарастыра бастады. Бұл арада аталған сала бойынша жарық көрген еңбектерден сандық мәлімет беріп, оларға жаппай талдау жасап отырғаннан гөрі, ежелгі түркі ескерткіштеріне тарихи дерек ретінде тарихшылар қалай жүгінсе, тілдік материал ретінде лингвистер қалай қараса, әдебиетшілер де ол жәдігерлерге ежелгі әдеби мәтін ретінде солай жүгініп, солай қарастыруы әлде қашан дәстүрге еніп кеткенін айтқан мақұл.

Дегенмен, сөздің осы тұсында мына бір мәселенің басын ашалап айтып өтуіміз керек. Ежелгі дәуірдегі ата-бабамыздан қалған жазба мұра екен деп, жазба-жәдігердің бәрін әдеби шығарма ретінде қабылдап, оны әдебиет тарихына енгізе беруге болмайтыны бесенеден белгілі. Өйткені әдебиеттану ғылымында қалыптасқан қағида бойынша «әдеби шығарма» болу үшін оған қойылатын белгілі талаптар, шарттар бар. Егер белгілі бір жазба мәтінде сол талаптар мен шарттар орындалмаса, онда ол әдеби шығарма деп есептелмейді. Осы ұстаным тұрғысынан келгенде, ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндері мен көне ұйғыр жазуында жеткен жәдігерлерді

«әдеби шығарма» ретінде қарастырудың қандай ғылыми негізі бар? Бұл сұрақ ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндері мен көне ұйғыр жазуы арқылы біздің заманымызға жеткен жәдігерлерді «әдебиет тарихына» кіргізуден бұрын шешіп алуға тиісті аса өзекті мәселе. Бұл мәселеге де соңғы жылдары Қытайда түрен түскенін атап айтқымыз келеді. 2009 жылы ҚХР астанасы Пекин қаласындағы Орталық ұлттар университетінің қабырғасында әйгілі түрколог-ғалым, профессор Гэн Шиминнің ғылыми-кеңесшілігімен Абдусалам Шүкір есімді ұйғыр азаматы «Ежелгі түркі ескерткіштерін әдеби тұрғыдан зерттеу («Тоныкөк», «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштері негізінде)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Жас ғалым аталған жұмысында ежелгі түркі ескерткіштеріне (негізінен «Тоныкөк», «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштері) әлемдік әдебиет теоретиктері мен түрколог-ғалымдарының уәждеріне сүйене отырып, әдеби тұрғыдан жан-жақты зерттеу жүргізеді. Кіріспеден, көлемді үш тараудан, қорытынды бөлімнен тұратын іргелі ғылыми жұмысы арқылы жас ғалым ежелгі түркі ескерткіштерін әдеби шығарма ретінде қарастырудың ғылыми негізі бар екендігін дәлелдеп шығады. Қысқасы А. Шүкір аталған зерттеуінде, ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндері бейнелеу тәсілдері, баяндау қалыбы, пішіні мен мазмұны тұрғысынан қарағанда, олардың бәрі о баста әдеби шығарма. Алайда, кейінгі дәуірде оларды лингвистер тілдік тұрғыдан, тарихшылар тарихи дерек тұрғысынан көбірек қарастырып жүргендіктен, оларға әдеби тұрғыдан қарау дағдыға енбей қалды. Демек, бүгінгі күні аталған жәдігерлерге қай қырынан зер салудың да әбестігі жоқ екендігін алға тартады (Abdul Salam Xukur, 2014: 141). Сондай-ақ оның аталған диссертациясы 2014 жылы «Ежелгі түркі ескерткіштерін әдеби тұрғыдан зерттеу» деген атпен Үрімшідегі Шынжаң ғылым-техника баспасынан жарық көріп, ғылыми қауымның өте жоғары бағасына ие болды.

Бұдан кейінгі кезеңдердегі «Оғызмана», «Дивани Луғат ат-түрк», «Құтадғұ біліг», «Махаббатнаме» т.б. әдеби жәдігерлерді зерттеу саласында да Қытайда қыруар жұмыстар атқарылды. Бұл саладағы зерттеулердің бәріне жеке-жеке тоқталып, сыйпаттама беріп отыратын болсақ, оның өзі тұтас бір кітапқа жүк болуы мүмкін (Christopher, 1993: 181). Дей тұрғанмен солардың ішіндегі іргелі, маңызды деген еңбектердің бір парасына тоқталудың артықтығы болмас.

Бұл ретте Қытайдағы түркология ғылымында «Оғызнама» эпосына қатысты зерттеулердің де ауқымды тіптен мол екен атап айтуға тиіспіз. Аталған эпос жөніндегі алғашқы зерттеу жұмыстарынан бастап, кейінгі іргелі ізденістерге жол ашқан түрколог-ғалым, профессор Гэн Шимин болды. Ол сонау «Оғызнама» туралы зерттеуді ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында бастады. Ғалымның «Оғызнамадан» жасаған алғашқы аудармасы 1963 жылы «Ұйғыр халқының тарихына қатысты материалдар» атты жинақта жарияланған болатын («乌古斯传», 耿世民译, 载《维吾尔族历史资料选辑》, 北京: 中央民族学院民族系, 1963年); Осыдан кейін ғалымды «мәдени төңкеріс» жылдарында жер аударып, шалғай мекендерге қара жұмысқа жіберді де, осы аралықта зерттеу жұмыстары үзіліп қалды. Араға оншақты жыл салып барып, 1974 жылы ғалымның «Оғызнама» туралы зерттеуі «Солтүстік мәдениеті туралы зерттеулер» деп аталатын журналда жарық көрді («乌古斯传» «北方文化研究» 1974年). Бұл саладағы зерттеуін әрі қарай жалғастырған профессор

Гэн аталған эпосты ежелгі түркі тілінен қытай тіліне толықтай аударып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерерін жазып 1980 жылы Үрімші қаласындағы «Шынжаң халық баспасынан» шығарған «Оғұз хан туралы аңыз» («乌古斯可汗的传说» 耿世民译, 新疆人民出版社, 1980年) деген атпен жарыққа шығарды. Профессор Гэн сол жылы ұйғыр ғалымы, профессор Тұрсүн Аюппен (1947-2003) телавторлықта алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып қазіргі ұйғыр тілінде «Ежелгі ұйғырдың батырлық эпосы» деген атпен Пекиндегі «ұлттар баспасынан» шығарды («古代维吾尔英雄史诗乌古斯传», 耿世民、吐尔逊·阿尤甫合作译注, 民族出版社, 1980). Осыдан кейін араға алты жыл салып, 1986 жылы профессор Гэн қазақтың көрнекті тіл ғалымы, профессор Мәкен Ілекеновпен (1940-1990) телавторлықта алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып қазақ тілінде «Оғызнама» деген атпен Пекиндегі «ұлттар баспасынан» шығарды(耿世民、马坎: 《乌古斯可汗的传说》 (哈文版), 民族出版社, 1986). Осыдан кейін аталған эпос туралы зерттеу жұмыстары қытай, қазақ, ұйғыр тілдерінде дүркіреп жүріп берді. Олардың ішінде сол елдегі «Оғызнама» жөніндегі зерттеулер мен жалпы түркология ғылымында елеулі орны бар еңбектер ретінде профессор Лаң Иңнің (1941 -) «Жаңа әдебиет альманағы» атты журналдың 1980 жылғы №2 санында жарық көрген «Ұйғыр халқының батырлық эпосы - Оғызнама», профессор Д. Мәсімханұлының (1963 -) «‘Оғызнама’ туралы зерттеу» («Алқап» альманағы, ҚХР Пекин: 1986. №1. Автордың аталған еңбегі 1990 жылы ҚХР бүкілқытайлық гуманитарлық ғылым саласындағы «үздік зерттеу» сыйлығына ие болған.), «‘Махаббатнама’ дастанындағы ежелгі саным-наным көрінісі» (ҚХР Үрімші: «Шалғын», 1987, №4), «Ежелгі түркілердегі ағаш тотемі» (ҚХР Үрімші: «Шынжаң қоғамдық ғылымы», 1992, №2), профессор Ли Цзинвэйдің «Оғызнама эпосындағы «кім?» сөзінің қолданылуы» (ҚХР Үрімші: «Тіл және аударма» журналы, 1988 №1), профессор Ли Шухуэйдің (1957 -) «ежелгі ұйғыр тіліндегі эпос – Оғызнама туралы зерттеулердегі кейбір мәселелер» («Шынжаң мәдени мұралары» журналы 2004. №1) Ғайратжан Османның (1958 -) «‘Оғызнамадағы’ ұйғырлардың ежелгі сенім-нанымы» (ҚХР Үрімші: «Шынжаң қоғамдық ғылымы» журналы, 1985 №1), «Оғызнама» туралы зерттеу» (ҚХР Үрімші: «Шынжаң ұлттар әдебиеті» журналы, 1985 №3), «‘Оғызнаманың’ жазылған уақыты туралы» (ҚХР Үрімші: «Шынжаң университеті» журналы, 1986, №3) қатарлы еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

«Оғызнама» эпосынан кейін Қытайда түркі халықтар әдебиеті саласында өте қауырт зерттеліп келе жатқан жәдігердің бірі Ж. Баласағұнның «Құтадғұ біліг» дастаны. Бұл саладағы зерттеулердің жай ғана тізімінің өзі бірер томға жүк болатындығы күмәнсіз. Сондықтан ол туралы зерттеулерді жалпылама тізіп отырғаннан гөрі әйгілі дастанға қатысты Аспанастаны елінде атқарылып жатқан ауқымды іс-шараларды атап өткен орынды болар. Ең әуелгі кезектегі жетістік ретінде «Құтадғұ біліг» дастанының қытай тіліне аударылып жарық көруі аутуға болады. 1979 жылы профессор Гэн Шимин мен Вэй Суй-и әйгілі дастаннан көлемді үзінді аударып, алғысөзі мен түсініктерін жазып Үрімші қаласындағы «Шынжаң халық» баспасынан жарыққа шығарды. Бұдан оншақты жылдан кейін Шынжаң гуманитарлық ғылымдар академиясы әдебиет институтының Хао Гуанчжун, Лю Бин, Чжан Хунчао қатарлы жетекші ғалымдары «Құтадғұ білігтің» қытай тіліне толық аудармасын жасап, түпнұсқасы мен қазіргі

ұйғыр тіліндегі салыстырмасын беріп, алғысөзі мен ғылыми түсініткрені жазып 1986 жылы Пекин қаласындағы «Ұлттар баспасынан» жарыққа шығарды. Осының алдында ғана, яғни 1984 жылы осы баспадан «Құтадғұ білігтің» қазіргі ұйғыр тіліне өлеңмен аударған нұсқасы жарық көрген болатын (Erdal 2004: 178). Оны аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазып, баспаға әзірлегендер ұйғыр халқының әйгілі қаламгерлері Абдуреим Өткүр (1923-1995), Ахмед Зияи (1913 – 1989), Мәмәтимин Юсуф қатарлылар. Ал түпнұсқасын латын қарпі бойынша транскрипция жасаған жар Абдушүкір Турди, Махмұд Зәиди қатарлылар.

1991 жылы осы баспадан ШҰАР гуманитарлық ғылым академиясының ғалымдары Қадір Әқбар мен Абдушүкір Турди «Құтадғұ білігтің» қазіргі ұйғыр тіліне қарасөзбен аударылған нұсқасын шығарды. Аталған баспаның қазақ бөлімі 1991 жылы «Құтадғұ білігтің» қазақ тіліндегі нұсқасын, 1992 жылы қырғыз тіліндегі нұсқасын Қазақстан мен Қырғызстанда шыққан нұсқаларынан қотарып басып шығарды.

Бұдан өзге Қытайда «құтадғұ білік» дастанына қатысты өзге іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, 1984 жылы 28 маусымда Үрімші қаласындағы Шынжаң университетінде «Құтадғұ білік» дастанына қатысты тұңғыш ғылыми конференция өтті. 1986 және 1989 жылы екі рет Қашқар қаласында әйгілі дастан жөнінде бүкілқытайлық ғылыми симпозиум өтті. 1988 жылы 26 сәуір күні Үрімші қаласында «СУАР ұтадғұ біліг зерттеу қоғамы» құрылды. 1993 жылы қазан айында Пекин қаласында «құтадғұ білік» дастанына қатысты халықаралық ғылыми конференция, 1998 жылы қазан айында Қашқар қаласында Ж. Баласағұнның туғанына 980 жыл және әйгілі дастанның дүниеге келгендігінің 928 жылдығына арналған конференция өтті.

Қытай түркологиясында тағы бір жан-жақты зерттеліп жүрген жәдігер, ол – М. Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігі» («Дивани луғат ат-түрк»). Аталған сөздік сыйпаты мен мазмұны жағынан тіл ғылымының объектісі болғанымен, ондағы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды әдебиетші-ғалымдар әдеби көзқарас тұрғысынан қарастырып, зерттеп келеді. Қытай түркологтары бұл салада да аз еңбектеніп жүрген жоқ.

«Түркі тілдер сөздігі» («Дивани луғат ат-түрк») туралы зерттеуді, аударуды ұйғыр ғалымдары XX ғасырдың 50-ші жылдарында қолға ала бастағанымен, аралықта Қытайда болған әсіре саяси науқандар кесірінен игі бастама тоқырауға ұшырады. Тек 1970-ші жылдардың соңынан бастап қана қытай және ұйғыр түрколог-ғалымдары «сөздікті» аудару, оны зерттеу жұмыстарына бел шеше кірісті. Соның нәтижесінде «сөздіктің» үш томы үш жылда (1981, 1983, 1984) «Шынжаң халық баспасынан» іркес-тіркес жарық көрді. 2002 жылы Пекиндегі «ұлттар баспасынан» «сөздіктің» қытайша аудармасы жарық көрді. Осыдан кейін Қытайдағы түрколог ғалымдар М. Қашқаридың өмір жолы, «сөздіктің» жазылуы, жарық көруі мен сақталуы, онда қамтылған тіл, тарих, әдебиет, география, этнография, дін т.б. салалар бойынша зерттеу еңбектерін жариялай бастады. Қытай еліндегі «сөздікті» зерттеу жұмысын тереңдету мен жүйелеу мақсатында, 2000 жылы қазан айында Үрімші қаласында «ҚХР «Дивани луғат ат-түрк» туралы ғылыми талқы жиыны», 2005 жылы Қашқар

қаласында «Махмұд Қашқаридың туғанына 1000 жыл» атты ғылыми конференция, 2008 жылы Пекин қаласындағы Орталық ұлттар университеті Ұйғыр тіл-әдебиеті факультеті мен Түркияның Тіл қоғамы бірлесіп «Махмұд Қашқаридың туғанына 1000 жыл» атты ғылыми халықаралық конференция өткізді. Толық емес мәліметтерге қарағанда, 1980-2008 жылдар аралығында 400-ге таяу ғылыми еңбек жарияланған (Takhir 2009: 97) деп аталтын монографиялық зерттеу. Құрастырушы-авторы Б. Рахман. Еңбек 1998 жылы Үрімші қаласындағы «Шынжаң халық баспасынан» ұйғыр тілінде жарық көрді.

4. Нәтижелер

Қытай еліндегі түрколог-ғалымдар бұлардан басқа да ежелгі түркі әдебиетіне қатысты жәдігерлердің еш қайсысын назардан тыс қалдырмай зерттеп келеді. Солардың қатарында әсіресе, А. Югнекидің «Атәбәтул хақаиқ» («Ақиқат қақпасы»), Хорезмидің «Махаббатнама», Х. Яссауидің «Дивани Хикмет», З. Бабырдың «Бабырнама», Ә. Бахадурдың «Түрік шежіресі», М. Әсеттің «Ескедірнама» т.с.с. жәдігерлерді әдеби тұрғыдан жан-жақты зерттелуде.

Қытайдағы түркология ғылымында, әсіресе түркі халықтары әдебиетінің зерттелуі саласында тағы бір ауыз толтырып айтарлық жетістік, түркі тілдес халықтар әдебиет тарихының жүйелі түрде жазылуы. Бұл саладағы жекелеген авторлардың өз бетімен жазып, жариялап жатқан еңбектерінің бәрін тізіп жатпай-ақ, ҚХР үкіметінің іргелі ғылыми жобасы аясында орындалған, Үрімші қаласындағы «Шынжаң халық баспасы» мен Пекиндегі «ұлттар баспасынан» он жыл (1996-2006) бойы үзіліссіз жарық көріп отырған, ШҰАР гуманитарлық ғылымдар академиясы әдебиет институтының ғалымдары жазып-құрастырған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (төрт том), «Ұйғыр әдебиетінің тарихы» (төрт том), «Қырғыз әдебиетінің тарихы» (екі том), «Өзбек әдебиетінің тарихы» (бір том) секілді іргелі ғылыми еңбектерді айтсақ та, түркі тілдес халықтардың ежелгі және қазіргі заманғы әдебиеті бойынша Қытай еліндегі түркология саласында атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымын аңғару қиын емес (Karl, 1992: 206).

Түркі халықтары әдебиетін зерттеуде Аспан асты елі түркологтарының баса назар аударып, кесек табыстарға қол жеткізіп келе жатқан бір саласы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті. Біз бұл арада, осы саладағы жекелеген зерттеу мақалаларынан сандық мәлімет беріп, барлық автордың еңбектеріне сипаттама беріп жатпай-ақ, түркі халықтарының фольклоры саласында жүзеге асып жатқан іргелі іс-шаралар мен ауқымды зерттеу еңбектеріне тоқталып өтпекпіз.

Түркі тілдес халықтардың фольклорын зерттеу, жинау жұмысы да Қытайдағы түркология ғылымының аса жемісті де ауқымды саласы болып есептеледі. Бұл тұрғыдан келгенде біз ең әуелі қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек секілді Қытайда өмір сүріп жатқан түркі тілдес халықтардың фольклорлық үлгілерінің мол мөлшерде жиналып, реттеліп, баспадан шығып жатқандығын атап айтқан болар едік. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты ертеректе Ресейде және Қазақстанда жазылған еңбектердегі ежелгі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Алан, Түрік, Қыпшақ т.с.с. ұлыстар мен мемлекеттерге қатысты жазба деректердің бір парасы Бичурин аудармасы арқылы қытай жазбаларынан («26 тарих») алынғаны мәлім (Мәсімханұлы, 2016: 109).

1984 жылы ҚХР Мәдениет министрлігі, ҚХР Ұлт істері комитеті, ҚХР фольклоршылар қоғамы (ұйым 1950ж. құрылған) бірлесіп Шицзячжуан қаласында бүкілқытайлық IV кезекті фольклоршылар құрылтайын шақырды. Осы құрылтайда «бүкіл ел көлемінде әр бір аудан өз өңіріндегі фольклорлық шығармаларды жинап, төрт жанр бойынша («Ертегі-аңыздар», «Қисса-дастандар», «Мақал-мәтелдер», «қысқа өлең-жырлар») «төрт кітап» шығаруы керек» деген қаулы қабылдады (Namu, 2006: 162). Содан 1986 жылы аталған жобаны ҚХР өкіметі «Республика бойынша 10 түрлі фольклорлық шығармаларды жинап, реттеп шығару» деп аталатын мемлекеттік маңызы бар ірі жоба ретінде бекітті. Содан бастап 1989 жылға дейінгі төрт-бес жылдың ішінде миллиондаған адам ауыл-ауылға экспедицияға жіберіліп, 1 миллион 870 мың ертегі-аңыз, 3 миллион 20 мың шумақ қисса-дастан, өлең-жыр, 7 миллион 480 мың мақал-мәтел жиналып алынғаны белгілі (China Folk Literature and Art Association). Тұтас Қытайда 1578 аудан (қаланың аудары бұның ішіне кірмейді) бар екенін ескерсек, осы аудандардың әр біреуі төрт кітаптан шығарса, 6312 томнан тұратын фольклорлық мұралар жиналып алынды деген сөз (Joo-Yup Lee, 2017: 213). Ал түркі тілдес халықтар шоғырлы мекендеп отырған Шынжаң өлкесінде 68 аудан бар. Осы аудандардан жиналып, жарыққа шыққан 272 томдық фольклорлық жәдігердің ең кемінде 200 томы таза түркі тілдес халықтардың мұралары екені шүбәсіз. Бұған көз жеткізу үшін, фольклорист-ғалым, профессор Б. Кәсейұлының (1947-) мына мәліметіне жүгінсек те жетіп жатыр: «Шынжаңда қазақ ұлты қоныстанған 30 неше ауданның қазақ ауыз әдебиеті бойынша төрт топтамасы істеліп болды. Басылғаны, қолжазба күйіндегісі болып, ұзын саны 100-ге жуық жинақ істелді. Бұдан сырт автономиялық район бойынша (СУАР – ды меңзеп отыр. – Д.М.) қазақ халық өлең-жырлары, мақал-мәтелдері, аңыз-әңгімелерінің жинақтары істеліп, ұлттар баспасынан жарық көрді. Қазірге дейінгі санаққа негізделгенде, қазақ халық ауыз әдебиетінде үлкенді-кішілі 300-дей дастан-жыр бар екен. Біз өзіміздегілерін (Қытайдағы қазақтарды меңзейді. – Д.М.) негіз етіп жинадық. Қазір менің қолымда 200-дей дастан-жырдың аты-жөні, қысқаша таныстырылымы бар» (Кәсейұлы, 2010: 22). Бұның сыртында ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап, Үрімші қаласында түркі тілдес халықтардың фольклорлық мұраларын жинау, жариялау, зерттеуге бағытталған «Бұлақ» (ұйғыр тілінде), «Шалғын», «Мұра» (қазақ тілінде) секілді маусымдық журналдар тұрақты жарық көріп келеді. Аталған журналдар редакциясы қоржынында жатқан (жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар) дүниенің өзі ұшан-теңіз. Қысқасы Қытайдағы түркі тілдес халықтардың фольклорлық мұраларын жинау жұмыстарының ауқымын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Ал енді зерттеу жағына келетін болсақ, бұл салада да жетістіктер аз емес. Бұл арада біз ғылыми-зерттеу мақалаларының бәрін адақтап, оларға бір-бірлеп шолу жасап жатпай-ақ, түркі тілдес халықтардың фольклорын ішкерілей зерттеп жүрген ғалымдар мен олардың басты еңбектеріне, сондай-ақ осы салада жарық көріп жатқан оқулықтарға ғана тоқталамыз.

Қытайда қазақ фольклорын сонау ХХ ғасырдың 60 жылдарына бермен зерттеп келе жатқан түрколог-ғалымның бірі профессор Би Сюнь (1941 -). 1960-1965 жылдары Пекиндегі ұлттар институтының (қазіргі Орталық ұлттар университеті) қазақ тілі

мамандығында оқыған. 1980 жылдан аталған оқу орнында дәріс оқып келеді. Қазақ және өзге де түркі және алтай тілдес халықтардың фольклорын зерттеуге арналған 100-ден астам зерттеу еңбектері мен «Қазақ фольклорына кіріспе», «Алтай тілдес халықтардың мифологиясы», «Алтай тілдес халықтардың фольклорна кіріспе», «Халық ауыз әдебиеті» қатарлы монографиялық зерттеулері жарық көрген.

Қырғыз ауыз әдебиетін зерттеу саласына профессор Ху Чжэнхуа тұтас өмірін арнап келеді. Әсіресе оның қырғыздың батырлық эпосы «Манасты» жинап, реттеп, бастыру, қытай тіліне аудару, зерттеу саласындағы еңбегі ерекше. Қытайдағы қырғыз халқының тумасы, әйгілі «манасчи» Жүсүп Мамайдың жырлауында 8 бөлімнен (жалпы 18 том, 250 мың жол) жазылып алынып, жарық көрген болса, осы еңбектің хатқа түсіру, реттеу, баспаға дайындау жұмыстарының басы-қасында профессор Ху Чжэнхуа жүрді. Сондай-ақ ол әсіресе «Манасты» қытай тіліне аудару, бүкілдүниежүзі халықтарына таныстыру саласында да аянбай тер төгіп келеді. Яғни профессор Худың мұрындық болуымен «Манастан» үзінділер жапон, ағылшын, француз тілдеріне аударылып, қиыр шығыс және батыс елдерінде жарық көрді. 2011 жылы Пекиндегі «Ұлттар университеті» баспасынан профессор Ху Чжэнхуаның үш томдық зерттеу еңбектері «Ху Чжэнхуа еңбектерінің жинағы» («胡振华文集») деген атпен жарық көрді. Аты әлемге әйгілі түрколог, манастанушы ғалымның сөз болып отырған үш томдығына ежелгі түркі және қырғыз тілі мен әдебиеті туралы зерттеулері топтастырылған. Атап айтқанда «Ху Чжэнхуа мырзаның еңбектер жинағында ежелгі қырғыз енисей жазбаларында қолданылған жазулар мен таңбалардың сипаттары, қолдану ережелері жүйелі түрде түсіндіріліп қана қоймай, ежелгі және қазіргі қырғыз тілінің фонетикасы, грамматикасы, лексикасы туралы егжей-тегжейлі зерттеу жасалған. Бұл Қытай еліндегі көне қырғыз тілін зерттеудегі ілкімді еңбек және оның ежелгі қырғыз тілін зерттеудегі маңызы зор» (Adili Jumaturdi, 2016: 81). Профессор Ху-дан өзге, «Манасты» зерттеу мен аудару саласында Қытайда тағы да Лаң Инь, Лю Цзячи, Чан Яньпин, Макелек Өмүрбай, Адил Жуматүрдү қатарлы бір шоғыр ғалым тер төгіп жүр (Hu Zhenhua 2006: 636) (胡振华. 柯尔克孜语言文化研究. 中国北京: 中央民族学院出版社, 2006-790页. Ху Чжэнхуа. Қырғыз тілі мен мәдениеті туралы зерттеулер. ҚХР Пекин: ұлттар баспасы, 2006. – 790б.). Аталған ғалымдардың ішінде қырғыз фольклорын зерттеуде профессорлар Лаң Инь, Чжан Яньпиннің «Қырғыз ауыз әдебиетіне шолу» («柯尔克孜民间文学概览». 中国克孜勒苏: 柯尔克孜出版社 1992), профессор А. Жуматүрдүнің «Орта Азия халықтарының ауыз әдебиеті» («中亚民间文学», 中国银川: 宁夏人民出版社, 2008. – 212页) секілді еңбектерін бөле-жара атауға болады. 2011 жылы Үрімші қаласындағы Шынжаң педагогикалық университеті жанынан «Шынжаң «Манас» зерттеу орталығы» құрылды.

5. Қорытынды

Қытайда ұйғыр фольклорының жиналуы мен зерттелуі саласында да қыруар жұмыстар істелуде. Жоғарыдағы ҚХР үкіметінің «төрт кітап» жобасымен жарық көрген фольклорлық мұралардан тыс, Пекиндегі «ұлттар баспасы» мен Үрімшідегі «Шынжаң халық баспасы» бірлесіп шығарған 12 томнан тұратын «Ұйғыр ауыз әдебиеті айдыны» (2006ж.) атты жинақты бөле-жара атап айтқымыз келеді. Ал ұйғыр ауыз әдебиеті туралы зерттеулердің санында есеп жоқ деуге болады. Бұл салада тер

төгіп жүрген ұйғыр ғалымдарының да, қытай ғалымдарының саны аз емес. профессор О.С. Тарымидің «Ұйғыр хәлиқ еғіз әдәбияти һәққидә омоми баян» («Ұйғыр халық ауыз әдебиеті туралы жалпы сөз», ҚХР Үрімші: Шынжаң университеті баспасы, 2009: 705), Ә.А. Құтзаттың «әсырлар әбилири. Ұйғыр классик әдәбияти тәтқиқати» («Ғасырлар бедері. Ұйғыр классик әдебиеті туралы зерттеу». ҚХР Үрімші: Шынжаң университеті баспасы, 2009: 705-598), ғалым А. Керимнің «Ұйғыр халық дастандары туралы зерттеу» (阿不都外里·克热木. «维吾尔族民间口承达斯坦研究». 中国北京: 社会科学出版社2014: 537页) т.с.с зерттеулерді айтуымызға болады.

Ұйғыр фольклорын зерттеу саласында ғалымдардың айырықша мән беріп, белсене қарастырып жүрген саласы, бұл – ұйғыр халқының «12 муқам» атты халықтық дастаны. «12 муқам» ұйғыр халқының әзіне тән әуезбен, мақаммен орындалатын музыкалы пәлсапалық трактаттар жинағы. Мақамы әр өңірде әр қалай бола беруі мүмкін. Ал негізінен мәтіндерінің мазмұнына қарай 12 тақырыпқа бөлінген. Оның мәтіндері Шағатай хандығы кезіндегі әйгілі шайырлар Лутфи, Наваи, Нобити, Мәшрәф, Иваида, Физули қатарлы ақындардың жырларымен толықтырылып отырған. Яркент патшайымы Аманниса хан ел ішінен «муқамды» жинатып, оларды тек қана Наваи мен Физулидің өлеңдерімен орындауды ұсынады. Содан бастап «12 муқамның» мәтіндерінің ішінде аталған ақындардың жырлары молырақ орын алып келеді. Қытайда «12 муқамды» жинау, зерттеу ісі негізінен ХХ ғасырдың 80 жылдарынан кейін қауырт қолға алынды. Қазірге дейін оның мәтіні мен музыкасы туралы қытай және ұйғыр тілдерінде мыңдаған зерттеу еңбектері жарық көрді. Солардың бастылары ретінде профессорлар Лю куйли мен Лаң Иңнің «ұйғыр муқамы туралы зерттеу» (刘魁立、郎樱. 维吾尔木卡姆研究. 北京: 中央民族大学出版社, 1997). Шынжаң өлкелік муқам зерттеу қоғамын құрастырған ұжымдық еңбек «ұйғыр муқамы туралы» (新疆维吾尔自治区十二木卡姆研究会编. 论维吾尔十二木卡姆. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1992), профессор Абдуруп Такламаканидің «Ұйғыр 12 муқамының мәтіндері туралы зерттеу» (阿不都鲁甫·塔克拉玛干尼. «维吾尔十二木卡姆歌词研究». 北京: 中央民族大学出版社2009) секілді арнайы еңбектерді айтуға болады. 1988жылы Үрімші қаласында Шынжаң «12 муқам» және ұйғыр классик әдебиетін зерттеу қоғамы құрылды. 2005 жылы қараша айында ҚХР үкіметінің ұсынысымен «Ұйғыр 12 муқамы» БҰҰ жанындағы ЮНЕСКОның қорғауына алынды.

Қытайда қазақ фольклорын зерттеуде қытай және қазақ ғалымдарының көбірек назар аударып жүрген саласы «қазақтың айтысы өнері». Алайда аталған өнерге Қытайдағы атышулы «мәдени төңкеріс» кезінде «буржуазиялық өнер», «феодализмнің қалдығы» ретінде тиым салынып келді. Демек, осындай саяси жағдайлардың әсерінен «ақындар айтысына» мән беру, назар аудару жұмыстары тек ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан кейін ғана басталды. Алайда о баста Қытай үкіметі мен жергілікті билік бұтақтары қазақ халқының бұл өнеріне тек халықтың көңілін көтеруге арналған мәдени шара деп қана қарап, әр жердегі малшылар мерекесінде «шоу» ретінде көрсетіліп жүрді. Кейіндеп елдегі мәдениеттанушы, музыкатанушы, түрколог-фольклорист ғалымдар тарапынан зерттеле бастады. Қазақтың айтыс өнерін зерттеуде әсіресе, С. Жанболатов (1936 -), Ж. Мырзахан (1940 -), Ә.Қали (1939 -),

Би Сюн, Б. Кәсейұлы, Хуан Чжунсян, Қ. Тәбәрәкқызы, Ж. Қауыт, Ы. Әділхан қатарлы ғалымдар ерекше үлес қосып келеді. Бұлардың ішінде қазақ айтыс өнері туралы Б. Кәсейұлының «Айтыс – сөз барымтасы» (ҚХР Пекин: ұлттар баспасы, 2005: 247) атты монографиялық зерттеуі Қытайдағы жалпы айтыстану ғылымына кең өріс ашып берген еңбек болды.

2010 жылы ҚХР Күйтің қаласында «Шынжаң айтыс зерттеу қоғамы» ресми құрылды. Аталған ұйым айтыс ақындарын тәрбиелеумен және ақындар айтысын зерттеумен айналысады. Бүгінге дейін аталған «қоғамдағы» зерттеуші ғалымдардың мұрындық болуымен «Қазақ айтысының тарихы» (екі том, қытай және қазақ тілдерінде. ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 2009), «Қазақтың айтыс өнері» (3 том, зерттеулер жинағы. ҚХР Үрімші: шынжаң жастар-өрендер баспасы, 2011), «Қазақ айтыстары» (3 том, айтыс мәтіндерінің жинағы. ҚХР Үрімші: шынжаң жастар-өрендер баспасы, 2009) қатарлы іргелі еңбектер жарық көрді.

2006 жылы қазақ халқының «айтыс өнері» Қытайдағы ғалымдар мен қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиетші Тілебалды Әбдірәшитұлының (1953-) күш салуының арқасында ҚХР үкіметінің қаулысымен «Ерекше қорғалатын мемлекеттік маңызы бар мәдени мұра» тізіміне енгізілді. Қазір Қытайдағы қазақтар арасында жыл сайын аудан деңгейінде, екі жыл сайын аймақ дейінде, үш жыл сайын өлкелік деңгейде ақындар айтысы өткізіліп тұрады. Сондай-ақ Қытайда соңғы жылдары айтыс зерттеуге арналған халықаралық конференциялар да жиі өтіп тұрады. Атап айтқанда, республикалық айтыс зерттеуге арналған тұңғыш реткі конференция 2010 жылы Боғда көлі жағасында, II кезекті айтыс зерттеуге арналған халықаралық конференция Күнес ауданында өтті.

Әдебиеттер:

1. 阿地里·居玛吐尔地, 托汗·依萨克. 柯尔克孜族语言文字的传承、发展及研究现状 // “一带一路”战略及东北亚研究/胡克主编. 北京市: 社会科学文献出版社, 2016. – 532页. [Әділ Жұматұрды, Тохан Исақ. Қырғыз тілі мен жазуының мұрасы, дамуы және зерттеу мәртебесі // «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы және Солтүстік-Шығыс Азиядағы зерттеулер / бас ред. Хук. Бейжің: әлеуметтік ғылымдар әдебиеті баспасы, 2016 ж. – 532 б.].
2. 阿不都萨拉木·旭库尔. 古代突厥文碑铭文学研究. – 中国乌鲁木齐: 新疆 科学技术出版社, 2014. [Абдусалам Шүкір. Ежелгі түркі ескерткіштерін әдеби тұрғыдан зерттеу. – ҚХР Үрімші: Шынжаң ғылым-техника баспасы, 2014].
3. Б. Кәсейұлы. Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер. – ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 2010. – 521 б.
4. 岑仲勉. 突厥集史. – 中国北京:中华书局. 2004. – 1136页. (Цэн Чжунмянь. Түркі тарихы. – ҚХР Пекин: Қытай кітап үйі баспасы, 2004. – 1136 б).
5. Christopher I. (1993) Beckwith. The Tibetan Empire in Central Asia: A History of the Struggle for Great Power among Tibetans, Turks, Arabs, and Chinese during the Early Middle Ages. New Jersey: Princeton University Press. – 292 p.
6. Erdal Marcel. A grammar of Old Turkic. Leiden: Brill, 2004. – 583 p.
7. 耿世民. 古代维吾尔诗歌选. – 中国乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1982. – 263页. (Гэн Шимин. Көне ұйғыр поэзиясының таңдамалы үлгілері. – ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 1982. – 263 б.).
8. 耿世民. 维吾尔族古代文化和文献概论. – 中国乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1983. – 160页. (Гэн Шимин. Көне ұйғыр мәдениеті мен жазба жәдігерлері. – ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 1983. – 160 б.).

9. 胡振华. 柯尔克孜语言文化研究. – 中国北京: 中央民族学院出版社, 2006. – 790页. (Ху Чжэнхуа. Кыргыз тили мен мәдениеті туралы зерттеулер. – ҚХР Пекин: ұлттар баспасы, 2006. – 790 б.).
10. Joo-Yup Lee and Shuntu Kuang. (2017) A Comparative Analysis of Chinese Historical Sources and Y-DNA Studies with Regard to the Early and Medieval Turkic Peoples // Inner Asia. Vol. 19, No. 19: pp. 197-239.
11. Karl Reichl. (1992) Turkic Oral Epic Poetry: Traditions, Forms, Poetic Structure. London: Routledge. – 395 p.
12. Қайыркен Т.З. Қытай деректері мен көне түркі мәтіндерінің бірін бірі толықтыруы (Күлтегін ескерткіші бағыс бетінің 1-10 жолдары негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, №1 (126) 2019. – 118-130 бб. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-118-130>.
13. 李国香. 维吾尔文学史. – 中国兰州: 兰州大学出版社, 1992. – 326页. (Ли Госян. Ұйғыр әдебиетінің тарихы. – ҚХР Ланьжоу: Ланьжоу университеті баспасы, 1992. – 326 б.).
14. 林干. 突厥与回纥史. – 中国呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 2007. – 500页. (Лин Гань. Түркілер мен ежелгі ұйғырлар тарихы. – ҚХР Көкқот: Ішкі моңғол халық баспасы. 2007. – 500 б.).
15. Мәсімханұлы Д. Қытайдағы Түркология ғылымының зерттелуі // Түркология, №5, (79) 2016. – 106-118 бб.
16. Minnegalieva A.I., Mingazova L.I., Ibrayeva A.T., Kayumova G.F. (2020) Turkish World and Literary Relations of the East // International Journal of Criminology and Sociology. No. 9: pp. 2514-2520. DOI: <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306>
17. Таһир К. «Дивани луғатит түркінің» дәләт ичидики тәтқиқат әхуали // Шынжаң итимаи пәнләри. – ҚХР Үрімші. 2009. №3, 42-53 бб.
18. Namu Jila. (2006) Myths and Traditional Beliefs about the Wolf and the Crow in Central Asia: Examples from the Turkic Wu-Sun and the Mongols // Asian Folklore Studies. Vol. 65, No. 2: pp. 161-177.
19. 薛宗正. 突厥史. – 中国北京: 中国社会科学出版社. 1992. – 808页. (Суэ Цзунжэн. Түркі тарихы. – ҚХР Пекин: Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы. 1992. – 808 б.).
20. 中国民间文艺家协会. URL: <http://baike.baidu.com/view/113714.htm> (20.05.2023) [Қытай халық әртістерінің қауымдастығы].

References:

1. Adili Jumaturdi, Tohan Isaac. (2016). Inheritance of the Kirgiz language, development and research status. – PRC, Beijing: Social Sciences Literature Publishing House. – 532 p. (in Chinese)
2. Abdul Salam Xukur. (2014). Research on Ancient Turkic Inscriptions. – PRC, Urumqi: Xinjiang Science and Technology Press. (in Chinese)
3. B. Kaseiyuly. (2010). Research on Kazakh folklore. – PRC, Urumqi: Xinjiang People's Publishing House. – 521 p. (in Kaz)
4. Cen Zhongmian. (2004). History of Turks. – PRC, Beijing: Zhonghua Bookstore. – 1136 p. (in Chinese)
5. Christopher I. Beckwith. (1993). The Tibetan Empire in Central Asia: A History of the Struggle for Great Power among Tibetans, Turks, Arabs, and Chinese during the Early Middle Ages. – New Jersey: Princeton University Press. – 292 p. (in Eng)
6. Erdal Marcel. (2004). A grammar of Old Turkic. – Leiden: Brill. – 583 p. (in Eng)
7. Geng Shimin. (1982). Selected Ancient Uyghur Poetry. – PRC, Urumqi: Xinjiang People's Publishing House. – 263 p. (in Chinese)
8. Geng Shimin. (1983). An Introduction to Uyghur Ancient Culture and Documents. – PRC, Urumqi: Xinjiang People's Publishing House. – 160 p. (in Chinese)
9. Hu Zhenhua. (2006). Research on Kirgiz Language and Culture. – PRC, Beijing: Central University for Nationalities Press. – 790 p. (in Chinese)
10. Joo Yup Lee and Shuntu Kuang. (2017). A Comparative Analysis of Chinese Historical Sources and Y-DNA Studies with Regard to the Early and Medieval Turkic Peoples // Inner Asia. Vol. 19, No. 19. – 197-239 pp. (in Eng)

11. Karl Reichl. (1992). *Turkic Oral Epic Poetry: Traditions, Forms, Poetic Structure*. – London: Routledge. – 395 p. (in Eng)
12. Kaiyrken T.Z. (2019) Mutual complementarity of Chinese sources and ancient Turkic texts (based on lines 1-10 of the western face of the Kultegin monument) // *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Sciences. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series, №1 (126)* – 118-130 pp. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-118-130> (in Kaz)
13. Li Guoxiang. (1992). *History of Uyghur Literature*. – PRC, Lanzhou: Lanzhou University Press. – 326 p. (in Chinese)
14. Lin Gan. (2007). *History of Turks and Uyghurs*. – PRC, Hohhot: Inner Mongolia People's Publishing House. – 500 p. (in Chinese)
15. Massimkhanuly D. (2016). The study of Turkology in China // *Türkoloji*. 2016; (79): 106-118 pp. (in Kaz)
16. Minnegalieva A.I., Mingazova L.I., Ibrayeva A.T., Kayumova G.F. (2020). Turkish World and Literary Relations of the East // *International Journal of Criminology and Sociology*. No. 9, (2020): pp. 2514-2520. DOI: <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306> (in Eng)
17. Namu Jila. (2006). Myths and Traditional Beliefs about the Wolf and the Crow in Central Asia: Examples from the Turkic Wu-Sun and the Mongols // *Asian Folklore Studies* Vol. 65, No. 2. – 161-177 pp. (in Eng)
18. Takhir K. (2009). “Divani Lugatit Turkin” dolat ichidiki tatkikat akhuali // *Shynzgan itiman panlari*. – PRC, Urumchi. № 3. – 42-53 pp.
19. Xue Zongzheng. (1992). *History of Turks*. – PRC, Beijing: China Social Sciences Press. – 808 p. (in Chinese)
20. “Zhongguo minjian wenyi jia xiehui” [China Folk Literature and Art Association]. URL: <http://baike.baidu.com/view/113714.htm> (20.05.2023) (in Chinese).